

## Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 наурызда № 7495 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 33) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 259 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.08.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департамент (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) аталған бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

3) осы бұйрықты облыстық, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарларына жеткізсін.

3. "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру қағидасын әзірлеу және бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 657 бұйрығының (5116 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 15 ақпанда № 24 (1424) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жұмағұлов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 21 ақпандағы  
№ 57 бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 259 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.08.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 33) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Білім беру саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына орналасу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 1-тармағына сәйкес тағайындау тәртібімен немесе конкурс бойынша жұмыс берушінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Білім беру саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу және жұмыс берушінің актісін шығару арқылы жүзеге асырылады.

Конкурс бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысын қабылдау үшін конкурстық комиссияның оң қорытындысы негіз болып табылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысын лауазымға тағайындау үшін үміткер ұйымға Қазақстан

Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

4. Азаматтық қызметке конкурстық негізде түсу ұйым басшысы айқындайтын конкурстық негізде ауыстырылатын бос және (немесе) уақытша бос лауазымдарға " Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы білім беру ұйымының бірінші басшысын лауазымға тағайындау ол тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындау мен босату тәртібі**

5. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімдері мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысының (бұдан әрі – бірінші басшы) бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған кезде бес жұмыс күні ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларына конкурс өткізу туралы өтініш жібереді.

6. Жергілікті атқарушы органның орта білім беру ұйымын құру туралы актісінің негізінде конкурс қорытындылары бойынша орта білім беру ұйымының бірінші басшысын тағайындауға жол беріледі.

7. Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндеттерін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына немесе педагогіне конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін алты айдан аспайтын мерзімге, сондай-ақ осы Қағидалардың 81-тармағының талабы негізінде жүктеледі.

### **1-параграф. Бірінші басшының лауазымына конкурс өткізу тәртібі**

8. Бірінші басшының лауазымына тағайындауға арналған конкурсты ведомстволық бағыныстылығына қарай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту (бұдан әрі – Министрлік) және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім басқармасы жеке құрылымдық бөлімшесі жариялайды.

9. Конкурс рәсімі бірқатар кезеңдерді қамтиды:

1) бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған күннен бастап он бес жұмыс күннен кешіктірмей конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурсты жариялаған мемлекеттік органның ресми Интернет-ресурстарында, ресми әлеуметтік желі аккаунттарында жарияланады;

2) конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан құжаттарды қабылдау;

3) кандидаттардың құжаттарын қарау "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген Біліктілік талаптарына (бұдан әрі – педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары) сәйкес жүзеге асырылады;

4) заңнаманы білуге сертификаттау рәсімі (бұдан әрі – сертификаттау);

5) кандидаттарды мемлекеттік білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесімен (бұдан әрі – қамқоршылық кеңес) келісу.

Мектепке дейінгі, арнаулы (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі – ПМПК) ұйымының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (бұдан әрі – ППТК), оңалту орталығының (бұдан әрі – ОО), қосымша білім беру, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқарушы жүйесі комитеті жаңындағы білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына орналасуға кандидатқа қатысты Қамқоршылық кеңеспен келісу қажет етілмейді;

6) конкурс жариялаған мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы өткізетін кандидаттармен әңгімелесу (бұдан әрі - әңгімелесу).

10. Президенттік кадр резервіне кірген адамдар, Назарбаев Университетінің түлектері немесе Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқудан өткен шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, немесе Quacquarelli Symonds World University Rankings, Times Higher Education (THE) университеттерінің әлемдік рейтингтері бойынша әлемнің үздік 100 университетінде, әлемдік университеттердің Academic Ranking of World universities Шанхай рейтингінде оқыған түлектер сертификаттаудан босатылады, сондай-ақ кандидаттарды қамқоршылық кеңеспен келісу және тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі болған кезде, немесе осы Қағидалардың 1-қосымшасының 8-тармағының 6), 7), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар, кандидат педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде әңгімелесуге жіберіледі.

11. Конкурсты өткізу туралы хабарландырудың мәтіні мынадай ақпараттарды қамтиды:

1) ведомствосы мен бағынысында мемлекеттік білім беру ұйымы бар мемлекеттік органның атауы;

2) конкурс жарияланған лауазымның атауы;

3) орналасқан жері, қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген мемлекеттік білім беру ұйымының толық атауы;

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген бірінші басшы лауазымының кандидатына қойылатын біліктілік талаптары;

- 5) бірінші басшының лауазымдық міндеттері;
- 6) лауазымдық жалақының мөлшері;
- 7) конкурсты өткізу мерзімі мен орны;
- 8) конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі және қабылдау орны;
- 9) осы Қағидалардың 1-қосымшасының 8-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

10) конкурстық комиссияның отырысына байқаушылардың қатысуына қатысты ақпарат. Байқаушылардың санын конкурс жариялаған мемлекеттік орган дербес айқындайды;

11) ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары;

12) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде бірінші басшының уақытша бос лауазымының мерзімі.

12. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган бос лауазымға кандидаттарды іріктеу үшін конкурстық комиссия құру туралы бұйрық шығарады.

13. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім басқармалары конкурстық комиссиясының құрамы кемінде жеті адамнан, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланған төрағадан тұрады. Конкурстық комиссияның құрамына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің өкілдері, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары, басшылардың орынбасарлары, әдіскерлері, педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санаты, білім беру саласындағы азаматтық қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) өкілі, бір тәуелсіз сарапшы енгізіледі.

14. Министрліктің конкурстық комиссиясының құрамы кемінде бес адамнан, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланған төрағадан тұрады. Конкурстық комиссияның құрамына уәкілетті органның, ведомствоның құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволық бағынысты ұйымдарына жетекшілік ететін өкілдер, білім беру саласындағы азаматтық қоғамның өкілі, бір тәуелсіз сарапшы енгізіледі.

15. Тәуелсіз сарапшылар ретінде мемлекеттік немесе азаматтық қызметкерші болып табылмайтын тұлға қатыса алады.

16. Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына Қазақстан Республикасының азаматтығы бар және он сегіз жастан кем емес байқаушылар шақырылады.

17. Байқаушылар әңгімелесу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурстық комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, кандидаттар қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

18. Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірмей қызметкерлерді басқару қызметін (кадр қызметін) хабардар етеді.

19. Хабарлама конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген телефон немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

20. Конкурстық комиссияның хатшысы бақылаушыларды әңгімелесу басталғанға дейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушыға арналған жадынамамен таныстырады.

21. Байқаушылар конкурс жариялаған мемлекеттік органның басшылығына конкурстық комиссияның жұмысы туралы өз пікірін жазбаша нысанда бере алады.

22. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды.

23. Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

24. Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

25. Комиссияның әрбір отырысы төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

26. Комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі.

27. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

28. Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейнежазбалар бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы білім беру ұйымдарында сақталады.

29. Соттылығы болған немесе бар, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраушы (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының 1) және 2) тармақшаларының негізінде қылмыстық қудалаушылығы тоқтатылған тұлғалардан басқа), бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстар және/немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдауды болдырмау мақсатында: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы, білім басқармасы органының кадр қызметі кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде саласы сәйкес келетін уәкілетті органға сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның

аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы қосымша сұрау салу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету аумақтық департаментіне жолданады.

30. Сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы мәліметтер анықталған және (немесе) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын педагогикалық әдеп нормаларын бұзған кезде кандидат кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі.

31. Кандидаттардың құжаттары педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды конкурс жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

32. Кандидаттардың құжаттарын Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік органның, конкурс жариялаған уәкілетті орган ведомствосының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) сертификаттаудан өту туралы анықтамасы бар кандидаттарды қоспағанда, кандидаттарды сертификаттаудан өту үшін жібереді.

## **2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

33. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және (немесе) облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбесі) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес көрсетеді.

34. Көрсетілетін қызметті беруші хабарландыру жарияланған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдайды.

35. Бірінші басшылар лауазымына орналасуға кандидат жеке тұлға (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш пен құжаттар береді.

36. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылады.

37. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не өтінімді одан әрі қарау туралы дәлелді бас тарту келіп түседі.

38. Мемлекеттік қызметті алуға құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту беріледі.

39. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

40. Қалыптастырылған өтініштерді (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

41. Кандидат Тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

42. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

43. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

44. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет берушілерді, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация), "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

45. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

46. Шағым көрсетілетін қызмет берушіге және (немесе) лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалады.

47. Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

48. Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген

талаптарға толық жауап беретін шешім не өзге де әкімшілік шара қабылдаса шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

49. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

50. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа шағымдануға рұқсат етіледі.

### **3-Параграф. Сертификаттаудан өту тәртібі**

52. Кандидаттарды сертификаттау тиісті өңірлердің жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша білім басқармалары (бұдан әрі – ұйым) айқындайтын ұйым/ұйымдар конкурс жариялаған мемлекеттік орган өкілдерінің және өзге де жұмылдырылған тұлғалардың қатысуынсыз ұйымдастырады.

53. Кандидат сертификаттаудан өту үшін осы Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымға өтініш жібереді.

54. Мемлекеттік органның өкілдері, сондай-ақ сертификаттаудан өткізу процесіне қатысы жоқ үшінші тұлғалар тарапынан кандидаттардың сертификаттау рәсіміне араласуына жол берілмейді.

55. Сертификаттаудан өткізу кезінде қоғамдық ұйымдардың, білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментінің өкілдері қатарынан тәуелсіз байқаушы тартылады.

56. Сертификаттау электронды форматта жүргізіледі. Сертификаттауды өткізу орны осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Тестілеуді өткізу кезінде техникалық жарақтандыру жөніндегі ең төмен техникалық талаптарға сәйкес жабдықталады.

57. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) осы Қағидалардың 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттауға қатысатын үміткердің тізімін қалыптастырады және сертификаттауды өткізу үшін ұйымға жібереді.

58. Кандидат сертификаттаудан өткізу пунктінің ғимаратына кірген кезде оның жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сәйкестендіру жүргізіледі.

59. Жауапты адам сертификаттау басталмас бұрын үміткерлерге сертификаттау кезінде мінез-құлық ережелерін түсіндіреді.

60. Кандидаттар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңын, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрықтарын, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, балаларға арналған мамандандырылған, арнаулы, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген).

61. Сертификаттаудан өту үшін тест тапсырмаларының саны 48 (қырық сегіз) сұрақты құрайды.

62. Сертификаттаудан өту үшін шекті деңгей осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес әрбір заңнаманы және нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған әрбір бағыт бойынша 50%-ды құрайды.

63. Сертификаттауға 180 минут беріледі. Сертификаттауға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін бағдарламалық қамтамасыз ету автоматты түрде жабылады.

64. Сертификаттау нәтижесі - осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сертификаттаудан өткені туралы сертификатты Ұйым кандидаттың жеке кабинетіне жібереді. Сертификаттарды тексеру үшін конкурс жариялаған мемлекеттік органға қолжетімділік беріледі.

65. Сертификаттаудан өткені туралы сертификат сертификаттау тапсырған күннен бастап бір жыл бойы қолданылады.

66. Шекті деңгейге жинамаған кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен конкурстың келесі кезеңдеріне жіберілмейді.

67. Білім беру ұйымының басшысы лауазымына үміткер, бірақ шекті деңгей жинамаған кандидаттар қайта сертификаттаудан өтеді.

68. "Білім-инновация" лицейінің бірінші басшысының бос лауазымына орналасуға үміткер кандидаттар сертификаттаудан өтуден, сондай-ақ кандидаттарды қамқоршылық кеңеспен келісуден босатылады және қатысушылардың құжаттарын біліктілік бағалаудан кейін үш жұмыс күні ішінде "Білім-инновация" халықаралық қоғамдық қорымен әңгімелесу нысанында келісуден, сондай-ақ конкурс жариялаған мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесуден өтеді.

69. Сертификаттау қорытындысы бойынша екі жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) кандидаттардың тізімдерін, олардың түйіндемелерінің көшірмелерін қамқоршылық кеңеске жібереді.

70. Қамқоршылық кеңес құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кандидаттарды қамқоршылық кеңес отырысының өтетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етеді.

71. Қамқоршылық кеңес кандидаттарды хабардар еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бос немесе уақытша бос лауазымға әрбір кандидаттың Мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын тыңдайды және ұсынымдар шығарады. Қамқоршылық кеңестің барлық отырыстарында аудиобейнежазба жазылады. Аудиобейнежазбалар білім беру ұйымдарында бірінші тыңдау өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

72. Қамқоршылық кеңестің қабылданған ұсынымдары тыңдау өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күні конкурстық комиссияға ұсынылады.

#### **4-Параграф. Әңгімелесуден өту тәртібі**

73. Әңгімелесуден өту кезінде конкурс комиссиясының мүшелері осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес тақырыптық бағыттар бойынша сұрақтар тұжырымдайды. Әрбір кандидатқа осы Қағидалардың 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың бағалау парағы" толтырылады.

74. Әңгімелесуді өткізу тәртібін конкурстық комиссия дербес айқындайды.

75. Конкурсқа қатысқан кандидаттарды конкурс жариялаған мемлекеттік орган үш жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындылары туралы жазбаша хабардар етеді.

76. Мемлекеттік лауазымға немесе соларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға орналасатын тұлғалар және олардың жұбайлары Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны мемлекеттік кіріс органдарына тапсырады.

77. Мемлекеттік лауазымға немесе соларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға орналасқан тұлғалар және олардың жұбайлары Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке тұлғалардың декларацияларын мемлекеттік кіріс органдарына тапсырады.

78. Конкурс жеңімпазы Конкурс қорытындысы бойынша Министрлік, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері конкурстық комиссияның оң шешімін алған кандидатпен еңбек шартын жасасады және тағайындау туралы бұйрық шығарады.

79. Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысымен жасалған еңбек шартында аттестаттаудан, ротациядан өту шарттары мен тәртібі, сондай-ақ еңбек

қатынастарын орындау кезеңінде мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы қол жеткізуге тиіс қызметтің негізгі көрсеткіштері көзделеді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда еңбек шарты жұмыскердің аттестаттау нәтижелерімен расталған біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегені үшін, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары үшін ротациялау қағидаларында айқындалған жағдайларда жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылады.

80. Конкурс қорытындысы бойынша бірінші басшы лауазымға бес жыл мерзімге тағайындалады.

81. Бірінші басшының және білім беру ұйымын басқару органының келісімімен еңбек шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін бірінші басшы осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін алты айдан аспайтын мерзімге осы білім беру ұйымының бірінші басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалады. Бірінші басшының міндеттерін орындау еңбек шартына қосымша келісім жасай отырып, тиісті бұйрық шығару арқылы ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген қолданылу мерзімі өткеннен кейін еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабы 2-тармақшасының негізінде бұзылуға жатады. Еңбек шартын бұзу туралы хабарламаның болмауы еңбек шартын белгіленбеген мерзімге ұзарту үшін негіз болып табылмайды.

82. Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымында сол ұйымда бес жылдан екі мерзім жұмыс атқарған адам осы білім беру ұйымының бірінші басшысының бос және уақытша бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатыса алмайды.

83. Кандидаттар үш жұмыс күні ішінде конкурс құжаттарымен және комиссия шешімімен танысуға тиіс.

84. Конкурс өтпеген кандидаттардың құжаттары конкурсты жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) бір жыл бойы сақталады.

85. Бірінші басшының бос лауазымына кандидат анықталмаған кезде конкурстық комиссияның шешімімен конкурс өтпеді деп танылады.

86. Конкурс нәтижелеріне конкурсқа қатысушылар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне немесе аумақтық бөлімшелеріне немесе сот тәртібімен конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен танысқан сәттен бастап бір ай ішінде шағым жасайды.

87. Тоқсан сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының кадр қызметі конкурс нәтижелері туралы есепті Министрлікке жібереді.

88. Мемлекеттік ұйымның бірінші басшысын қызметтен босату Қазақстан Республикасының Еңбек және өзге де заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

89. Егер елді мекенде тиісті үлгідегі және түрдегі бір ғана білім беру ұйымы болса, осы лауазымдағы осы білім беру ұйымының бірінші басшысының келісімімен 7 және одан да көп жыл, ауыстыру тәртібімен басқа елді мекенге білім беру ұйымына тағайындалуы мүмкін.

#### **5 параграф. Білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау тәртібі**

90. Білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және дайындау кезеңдері:

- 1) кандидаттарды іріктеу;
- 2) аралық бағалаумен оқыту;
- 3) тағылымдама;
- 4) қорытынды бағалау рәсімі;
- 5) республикалық кадр резервін (бұдан әрі – Кадр резерві) қалыптастыру.

91. Кадр резервіне үміткерлерді іріктеу және оларды даярлау адал бәсекелестік, теңдік, объективтілік, ашықтық, айқындылық қағидастарын сақтау негізінде жүзеге асырылады.

92. Кадр резервіне кандидаттарды іріктеуді және дайындауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген) 6-тармағына сәйкес келетін ұйым (бұдан әрі - № 95 бұйрық) жүргізеді.

93. Педагогтің бірінші басшылардың кадр резервінде болу мерзімі бір жылды құрайды.

94. Кадр резервін қалыптастыру жөніндегі Комиссия (бұдан әрі-Комиссия) құрамын Министрлік бекітетін кемінде жеті адамнан тұратын және уәкілетті органның, білім беру ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіптік одақтардың өкілдерін қамтитын алқалы орган болып табылады.

95. Комиссия отырысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

96. Комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген, ал оның шешімі заңды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

97. Комиссия отырысы аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді, олар бір жыл бойы Министрлікте сақталады.

98. Комиссияның негізгі функциялары:

ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

кадр резервін қалыптастырудың әрбір кезеңі аяқталғаннан кейін кандидаттардың тізімдерін келісу, бекіту және ұйымға беру;

әңгімелесу өткізу және тәуелсіз сертификаттаудан өткен және орта білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарға Кадр резервіне ұсынылған кандидаттардың тізімін бекіту туралы шешім қабылдау.

99. Кадр резервіне іріктеу және даярлау туралы хабарландыру Ұйымның және Министрліктің ресми Интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жарияланады.

100. Іріктеуге қатысқысы келетін Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін кандидаттар құжаттарды хабарландыруда көрсетілген ақпараттық ресурсқа жүктейді. Үміткерлердің құжаттарды жүктеуі хабарландыру жарияланғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылады.

101. Комиссия үміткерлердің құжаттарын қабылдағаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ педагогикалық әдепті бұзу туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.

102. Сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасау және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда үміткер кез келген кезеңде іріктеуден және оқудан шеттетіледі.

103. Үміткердің құжаттарын педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қарауды Ұйым хабарландыруда көрсетілген платформада күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізеді.

104. Кандидаттарды іріктеу аяқталғаннан кейін Ұйым Комиссияға құзыреттерді бағалауға тестілеу (бұдан әрі – тестілеу) өткізу үшін тізімді келісуге және бекітуге жібереді. Комиссия тізімді Министрлікке жібереді. Министрлік бекітілген тізімге сәйкес үміткерлердің тестілеуге қатысуын қамтамасыз етеді.

105. Ұйым тестілеуді өткізу үшін үміткерлердің тізімін қалыптастырады.

106. Тестілеу Ұйыммен онлайн және офлайн форматында жүргізіледі.

107. Тестілеуден өту үшін үміткерлер алдын ала нұсқамадан өтеді, логин, құпиясөз алады және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес тестілеуді өткізуге келісімге қол қояды.

108. Тестілеу ұзақтығы 120 (бір жүз жиырма) минутты құрайды. Тестілеу нәтижелері автоматты түрде өңделеді және электрондық поштаға жіберіледі.

109. Тестілеу нәтижелері бойынша базалық деңгей бойынша оқуға ұсынылған үміткерлердің сараланған тізімі қалыптастырылады. Бұл тізім келісу және бекіту үшін комиссияға жіберіледі.

110. Комиссия алдағы қаржы жылына арналған жоспарға сәйкес оқуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және бекітеді. Комиссия бекітілген тізімді ұйымға және Министрлікке жібереді. Министрлік үміткерлерді базалық деңгей бойынша оқуға жіберуді қамтамасыз етеді.

111. Оқытуды ұйым үш деңгейді көздейтін білім беру бағдарламасы бойынша жүргізеді: базалық, озық, кәсіби.

112. Келесі оқу деңгейіне өтпеген үміткерлерге Ұйым белгілеген нысан бойынша курсты тыңдау туралы анықтама беріледі.

113. Біліктілікті арттыру курстарын өткізу № 95 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20567 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

114. Үміткерлерді оқытқаннан кейін Ұйым әр деңгейде тестілеу немесе рефлексік есеп форматында тәуелсіз бағалау рәсімдерін жүргізеді.

115. Тәуелсіз бағалау процедуралары рефлексивті плагиат есептерін тексеруді, рефлексивті есептерді критерийлерге сәйкес бағалауды қамтиды: курс бағдарламасының идеяларын білу және түсіну, тәжірибеде білімді қолдану және рефлексия.

116. Қорытынды бағалау нәтижелері бойынша Ұйым келісу үшін Комиссияға тізімдерді жібереді. Тағылымдамадан өту орнын Ұйым айқындайды.

117. Тағылымдама бағдарламасы еліміздің үздік мектептерінің тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленген бағдарлама бойынша оқыту нәтижесінде алынған кәсіби білімді, іскерліктер мен дағдыларды практикада бекітуге бағытталған.

118. Тағылымдама аяқталғаннан кейін үміткер сыртқы қорытынды бағалау үшін портфолионың бөлігі болып табылатын рефлексивті күнделік тапсырады.

119. Қорытынды бағалау нәтижелері бойынша Ұйым тізімдерді Комиссияға келісу үшін жібереді. Комиссия тізімдерді Министрлікке жібереді. Министрлік үміткерлерді әңгімелесуге жіберуді қамтамасыз етеді.

120. Комиссия әңгімелесуді ақпараттық ресурстар арқылы офлайн немесе онлайн форматта өткізеді.

121. Әңгімелесу барысы және Комиссияның кадр резервіне үміткерлердің ұсынымдары туралы шешім қабылдауы осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама түрінде ресімделеді.

122. Оқудан, тағылымдамадан және әңгімелесуден өткен үміткерлерге сертификат беріледі.

123. Кадр резервіне ұсынылған үміткерлердің тізімі Ұйымның және Министрліктің ресми Интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында жарияланады.

124. Үміткер іріктеу нәтижелері туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішпен Министрліктің апелляциялық комиссиясына іріктеу нәтижелеріне шағым жасайды.

125. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын Министрлік айқындайды және бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамы кемінде бес адамнан тұрады.

126. Апелляциялық комиссияның төрағасы Комиссияның қызметіне басшылық жасайды. Хатшы апелляциялық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады, хаттамаларды ресімдейді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жоқ. Апелляциялық комиссияның отырыстары онлайн форматта өткізіледі.

127. Апелляциялық комиссияның шешімдері апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімдері осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды.

128. Апелляциялық комиссияның шешімдеріне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалатын тәртіппен шағым жасалады.

129. Ұйым бір жыл бойы лауазымға тағайындалған басшыларға тәлімгерлік қолдау көрсетеді.

130. Кадр резервіне алынған адамдар еңбек шартын жасасу және жұмыс берушінің актісін шығару жолымен жұмыс берушінің шешіміне сәйкес конкурстық рәсімдерден өтпей мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының лауазымдарына тағайындалады.

131. Азаматтарды кадр резервінен шығаруды уәкілетті орган мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) кадр резервіне алынған адамның (бұдан әрі – резервист) бірінші басшының бос лауазымына орналасуына;

2) резервистің кадр резервінен шығару туралы өтініш беруі;

3) осы Қағидаларда белгіленген кадр резервіне алу тәртібі мен шарттарын бұзу;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасау және (немесе) педагогикалық әдеп нормаларын бұзу;

5) медициналық қарсы көрсетілімдері және сондай-ақ психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (аурулары) бар, оның ішінде психоактивті заттарды қолдануға

байланысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек, халыққа наркологиялық көмек көрсететін көрсететін ұйымдарда есепте тұрған жағдайда;

б) заңды күшіне енген сот үкіміне немесе медициналық қорытындыға сәйкес педагогикалық қызметке тыйым салынған адамдар.

### **3-тарау. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату тәртібі**

#### **1-Параграф. Мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібі**

132. Педагогтерді білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдау мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі базасында жүзеге асырылады. Мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда педагогтерді жұмысқа қабылдау білім беру ұйымдарында немесе өзге де ақпараттық жүйелер арқылы қағаз форматта жүзеге асырылады.

133. Республикалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын тиісінше республикалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары ұйымдастырады.

134. Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымы ұйымдастырады.

135. Шағын жинақталған мектептерді және "Білім-инновация" лицей-интернаттарын қоспағанда, педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымдарына мемлекеттік білім беру ұйымы осы Қағидалардың 138-тармағына сәйкес болған жағдайда конкурс өткізеді.

136. Жаңа білім беру ұйымы ашылған кезде, сондай-ақ оқушылардың белгілі бір контингенті жаңа білім беру ұйымына ауысқан жағдайда оқушы орындарының тапшылығы, осы сыныптарда сабақ берген және сыныптық басшылықты жүзеге асырған педагогтерді жұмысқа орналастыру конкурстық рәсімнен өтпей-ақ ауыстыру тәртібімен жүргізіледі.

137. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша үздік оқыған, жоғары оқу орындарын бітірген адамдар сертификаттаудан өткені туралы құжат болған кезде конкурстық рәсімдерден өтпей жұмысқа қабылданады.

138. Конкурсқа Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынған педагогтер қатысады.

139. Конкурс Қазақстан Республикасы "Педагог мәртебесі туралы" Заңына сәйкес педагогтер үшін айқындалған нормативтік оқу жүктемесінің 50% - ы және одан да көп сағат есебіне сүйене отырып, сағат болған кезде педагогтың бос және (немесе) уақытша

бос лауазымына және еңбек заңнамасы шеңберінде жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығының 50% - дан астамы режимінде жұмыс істейтіндер үшін өткізіледі.

140. Бос лауазымдардағы әр педагогке сағат саны педагогтің бір жарым ставкасынан аспауы керек.

141. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) білім беру ұйымының және (немесе) тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органының Интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілерінің ресми akkaунттарында және (немесе) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі арқылы конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

4) кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

142. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос және (немесе) уақытша бос лауазымы (сағаты) бар білім беру ұйымының атауы;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы;

3) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;

5) осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесі;

6) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

143. Конкурсты өткізу мерзімі және конкурстық комиссияның құрамы мемлекеттік білім беру ұйымының бұйрығымен айқындалады.

144. Конкурстық комиссия кемінде комиссияның бес мүшесінен, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланатын төрағадан тұратын алқалы орган болып табылады. Конкурстық комиссия құрамына білім беру ұйымы әкімшілігінің өкілдері, тиісті деңгейдегі әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) немесе білім беру ұйымының, азаматтық қоғамның әдіскерлері, аудандық (қалалық) білім бөлімінің мамандары, педагогтер кіреді.

145. Конкурстық комиссияның құрамына олармен келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.

146. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды

147. Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

148. Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

149. Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту білім беру ұйымы басшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

150. Конкурстық комиссияның отырыстары төраға, отырысқа қатысқан Комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

151. Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі.

152. Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейне жазбалар білім беру ұйымдарында бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

153. Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

154. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидалардың 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе

педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе айелтс IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

13) тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

156. Осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

157. Мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы сұрау салуды Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету аумақтық департаментке жолданады.

158. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагог мәртебесі туралы заңнаманы бұзушылық жасалғаны туралы мәліметтер анықталған кезде педагог кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі.

159. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

160. Біліктілік талаптарына сәйкестікке кандидаттардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес бағалау парағында кандидат көрсеткен балдарды есептеуді жүзеге асырады.

161. Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия кандидат жинаған балдар негізінде қабылдайды.

162. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өткен болып есептеледі және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылады.

163. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.

164. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, ол комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

165. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

166. Конкурс нәтижелері мемлекеттік білім беру ұйымының Интернет-ресурсында, конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілетін күні ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланады.

167. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген және конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидатпен білім беру ұйымының басшысы еңбек шартын жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

168. Егер конкурс нәтижесінде Комиссия бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамаса, конкурс өтпеді деп танылады.

169. Конкурс нәтижелері туралы хабарламаны кандидатқа автоматты түрде конкурс комиссиясының хатшысы электрондық поштаға жібереді немесе өтініште көрсетілген телефон арқылы хабарланады.

170. Кандидаттар оларға қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімімен танысады.

171. Білім беру ұйымы "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес педагогтер үшін айқындалған нормативтік оқу жүктемесінің 50% аспайтын және конкурсыз еңбек заңнамасы шеңберінде жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығының 50% жоғары аспайтын режимде жұмыс істейтін қоса атқаратын педагогтерді есепке ала отырып, қоса атқаратын педагогтерді жұмысқа қабылдайды, келісім бойынша негізгі жұмыс берушімен, еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен.

172. Шағын жинақталған мектепті қоспағанда, пән мұғалімінің бос сағаты мұғалімдер арасында бөлінбейді.

173. Бос лауазымға үміткер оқу жылының басында анықталмаған кезде, оқу жылы ішінде бос сағаттар білім беру ұйымының педагогтері арасында бөлінеді және (немесе) педагог және (немесе) қоса атқарушы педагог уақытша қабылданады.

174. Үміткер конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, конкурс нәтижелеріне Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым жасалады.

175. Конкурстық комиссияның шешіміне конкурсқа қатысушылар жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясында немесе сот тәртібімен шағымданады.

176. Педагог лауазымынан босату Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
1-қосымша

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігі және (немесе) облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушілер) көрсетеді
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету үшін нәтиже беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
		Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде-20 минут;

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға - 1 (бір) жұмыс күні;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес Мемлекеттік корпорацияға - 7 (жеті) жұмыс күні.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;</p> <p>4) портал арқылы жүгінген кезде – бір жұмыс күні.</p> <p>1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсеге тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут.</p>
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қағаз түрінде - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурса қатысуға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық түрде жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында конкурса қатысуға құжаттарды қабылдау туралы хабарлама не дәлелді бас тарту келеді</p>
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін

7.

Жұмыс кестесі

1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Көрсетілетін қызметті берушіде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация және ақпарат объектісі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.

Құжаттарды қабылдау және дайын құжаттарды беру электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

3) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің Интернет-ресурсында,

әлеуметтік желілердің ресми  
аккаунттарында;

2) порталда [www.egov.kz](http://www.egov.kz)

Көрсетін қызметі алушыны  
көрсетін қызметі берушісінің  
Кеңесіне емес Мемлекеттік  
корпорацияға порталға мынандай  
құжатты бересі емес:

1) Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің 2012  
жылғы 21 ақпандағы бұйрығымен  
бекітілген Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші басшылары  
мен педагог қызметкерлерін  
лауазымдарға тағайындау,  
қызметтен босату қағидаларына 5-  
қосымшаға сәйкес нысан бойынша  
өтініш. № 57 (Нормативтік  
құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеу тізілімінде № 7495 болып  
тіркелген);

2) жеке басын куәландыратын  
құжат немесе цифрлық құжаттама  
қызметінің электрондық құжаты (  
сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу жөніндегі  
жеке парақ және фото;

4) білім туралы мемлекеттік үлгілі  
құжаттың көшірмесі;

5) еңбек қызметін растайтын  
құжаттың көшірмесі;

6) "Денсаулық сақтау  
саласындағы бухгалтерлік  
құжаттама нысандарын бекіту  
туралы" Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
міндетін атқарушының 2020  
жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-  
175/2020 бұйрығымен бекітілген  
нысандағы денсаулығы туралы  
анықтама (Нормативтік құқықтық  
актілерді мемлекеттік тіркеу  
тізілімінде № 21579 болып  
тіркелген);

7) Психоневрологиялық ұйымнан  
анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан  
анықтама;

9) сертификаттаудан өту туралы  
сертификат (бар болса);

10) білім беру ұйымын дамытудың  
перспективалық жоспары;

11) түйіндеме;

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

12) Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген).

13) біліктілік санатын беру (растау ) туралы куәлік.

Электрондық үкімет [egov.kz](http://egov.kz) веб-порталы арқылы:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген) Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;  
2) кадрлар есепке алу бойынша жеке іс парағы мен фото 3x4;  
3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;  
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;  
5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

6) сертификаттаудан өту туралы сертификат (бар болса);

7) білім беру ұйымын дамытудың перспективалық Жоспары;

8) түйіндеме;

9) Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген) Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі.

Конкурсқа қатысу үшін үміткер конкурс жариялаған мемлекеттік органның қарауына оның кәсіби жетістіктері, Біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтау, марапаттар туралы материалдарды, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратты (олар болған кезде) қосымша ұсынады.

Тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсыну 4), 5), 6), 7), 8) және 9) көрсетілетін қызметті берушіде оларды тиісті ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде осы тармақтың талап етілмейді. Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды жұмыс орнынан персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері куәландырады және мөрмен куәландырады.

		<p>Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p>
		<p>Дене функциялары тұрақты бұзылған, оның тыныс-тіршілігін шектейтін денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып 1414, 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы болған жағдайда порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде</p>

<p>10.</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Министрліктің Интернет-ресурсында: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a>;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның Интернет-ресурсында: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a></p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің Интернет-ресурсында орналастырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a></p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің Интернет-ресурсында орналастырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a></p> <p>Сандық құжаттар қызметі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді . Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, бұдан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.</p>
------------	--	---

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату қағидаларына  
2-қосымша

### **Бақылаушының жадынамасы**

Құрметті байқаушы, Сіздерді Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге шақырды.

Осыған байланысты, бақылаушының барынша толық жұмысы үшін осы жадынамамен танысуыңызды сұраймыз.

Жадынама қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Сіз бақылаушы ретінде мүмкіндігіңіз бар:

Байқаушы ретінде Сіздің:

конкурс қатысушыларының құжаттарымен танысуға;

конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу кезінде қатысуға;

әңгімелесуді өткізу барысы туралы баға беруге;

конкурс жариялаған мемлекеттік органның басшылығына конкурстық комиссияның жұмысы туралы өзіңіздің пікіріңізді жазбаша түрде беруге мүмкіндігіңіз бар.

Бұл ретте бақылаушы:

үміткерлерге сұрақтар қою;

конкурсқа қатысушылардың дербес деректерін жария ету;

әңгімелесу өткізу процесіне араласу, Конкурстық комиссия отырысының барысына кедергі жасау;

конкурсқа қатысушыларға қандай да бір көмек көрсету;

Конкурстық комиссия мүшелеріне олар шешім қабылдаған кезде ықпал ету;

конкурстың нақты қатысушылары, олардың жеке қасиеттері туралы көпшілік алдында пікір білдіру;

техникалық жазу құралдарын пайдалануға болмайды.

Әңгімелесу кезінде конкурстық комиссияның мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату ережелерін сақтауына назар аударыңыз.

Таныстым: \_\_\_\_\_

(қолы) Тегі (бар болса)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Құжаттарды қабылдау туралы қолхат (қағаз түрінде берген кезде)**

\_\_\_\_\_  
/ көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә, (бар болса) көрсету

\_\_\_\_\_  
/ көрсетілетін қызметті берушінің атауын көрсету /

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі

керегінің астын сызу

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Қабылдады:

\_\_\_\_\_

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

(Орындаушының Т. А. Ә. (бар болса) (қолы, байланыс телефоны)

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
4 қосымша

\_\_\_\_\_

/ Көрсетілетін қызметті алушының

Т. А. Ә, (бар болса) /

Нысан

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат (қағаз түрінде берген кезде)

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын басшылыққа ала отырып

\_\_\_\_\_

/ көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атауын, мекенжайын көрсету/

\_\_\_\_\_

мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

\_\_\_\_\_

/ көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә, (бар болса) көрсету/

\_\_\_\_\_

/ білім беру ұйымының атауын көрсету/

байланысты \_\_\_\_\_,

атап айтқанда / жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) \_\_\_\_\_ .

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т. А. Ә. (бар болса)

(қолы, байланыс телефоны)

Алды: \_\_\_\_\_

/ Көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә, (бар болса) /

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ /қолы

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік  
орган

Үміткердің Т. А. Ә, (бар болса), ЖСН

(қызметі, жұмыс орны)

Нақты тұрғылықты жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

### Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға, сертификаттауға орналасуға конкурсқа жіберуіңізді сұраймын  
(қажеттісін атап өту керек)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала \ ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін \_\_\_\_\_

лауазымы, Ұйымның атауы, мекен-жайы

(облыс, аудан, қала \ ауыл)

Сертификаттаудан өту тілі: қазақ / орыс

керегінің астын сызу

Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік

Біліктілік санатының болуы (ол болған кезде берілген (расталған) күн)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Педагогикалық	Мемлекеттік қызмет өтілі	Мамандық бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін)	(Осы білім беру ұйымында оның ішінде атқаратын лауазымында
-------	---------------	--------------------------	--	--

Менде келесі жұмыс нәтижелері бар: \_\_\_\_\_

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса) \_\_\_\_\_

Дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен (фото, видео, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану үшін) менің дербес деректерімді өңдеуге келісім беремін.

Мен сертификаттаудан өтетін ғимаратта тыйым салынған заттардың біреуін пайдалануға тырысқаны үшін жауапкершілік туралы, тиісті акт жасала отырып, алып тастау туралы хабардар етемін.

Тыйым салынған зат табылған жағдайда бір жыл мерзімге сертификаттаудан өту құқығынан айырылатыныма хабарланды.

Сертификаттау кезінде ережелерді бұзу фактілері анықталған кезде, сондай-ақ өту мерзіміне қарамастан, бейнежазбаны қарау кезінде табылған акт жасалып, нәтижелердің күші жойылатыны хабарланды.

Тыйым салынған заттар:

ұялы байланыс құралдары (пейджер, Ұялы Телефондар, планшеттер, iPad (Ipad), iPod (iPod), iPhone (iPhone), SmartPhone (Смартфон), смарт сағат);

Ноутбуктер, ойнатқыштар, модемдер (мобильді маршрутизаторлар);

радиоэлектрондық байланыстың кез-келген түрі (Wi-Fi (Wi-Fi), Bluetooth (Bluetooth), Dect (DECT), 3G (3 G), 4G( 4 G), 5G (5 G);

құлаққаптар сымды және сымсыз және т б;

шпаргалкалар және оқу-әдістемелік әдебиеттер;

калькуляторлар және түзету сұйықтықтары.

Мен келісемін \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)) (қолы)

Сертификаттау және конкурс өткізу қағидаларымен таныстым

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ /қолы/

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,

## **Тестілеуді өткізу кезінде техникалық жарақтандыру жөніндегі ең төмен техникалық талаптар**

1. Тестілеуді электрондық форматта өткізу кезінде тестіленушілер сәйкестендіруден жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну бойынша немесе ЖСН арқылы өтеді.

2. Тестілеуге қосу кезінде қолмен немесе рамалық түрдегі металл іздеуші қолданылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздеушіні қолдану тестілеу өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа байланыс құралдарын, электрондық-есептеу техникасын, фото-, аудио-және бейне аппараттарды, анықтамалық материалдарды, жазбаша жазбаларды және ақпаратты сақтау мен берудің өзге де құралдарын алып кіруіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады. Мұндай құрылғылар тестілеуді өткізу уақытында ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақтау үшін орналастырылады.

3. Тестілеуді бастау үшін тестіленуші биометриялық сәйкестендіру арқылы жеке басын қайталап растауы керек (Digital ID). Бетгі экран аймағының ортасына қойып, экранда көрсетілген нұсқауларды орындау қажет.

4. Тестілеу залдары жұмыс станцияларымен (кемінде Intel Core i3 процессоры, кемінде 4 Гб жедел жады), үй-жайларды ауа баптағыш жүйелерімен, диспенсермен, күту залымен жабдықталуы тиіс.

5. Әрбір жұмыс станциясы үміткердің бейнежазбасын жүргізу, фотосуретін түсіру және фотосуретін электрондық сертификаттарға орналастыру үшін веб-камералармен жабдықталуы тиіс.

6. Тестілеу залдары цифрлық бейне-аудио бақылаудың заманауи жүйесімен жабдықталуы тиіс.

7. Әрбір тестілеу залында басып шығару мүмкіндігі бар принтер орнатылуы тиіс;

8. Әрбір тестілеу залы басқарылатын коммутатормен және локальдық желімен жабдықталып, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

9. Тестілеу залы ұялы байланысты басу құралымен, сондай-ақ тестілеу процесінің бейнежазбасын жүргізу үшін техникалық жазба құралдарымен (диктофон, фотоаппарат және т.б.) жарақталады.

10. Тестілеу жүргізу кезінде аудиторияның (компьютерлік сыныптың) және бейнебақылау алаңына байланысты рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басатын құрылғылар пайдаланылады.

11. Тестілеуді өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін өткізу пункттерінде аудиториялар жалпы бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

12. Әрбір отыратын орын үміткердің фотосуретін түсіру және тестілеу процесіне бейнежазба жүргізу үшін веб-камерамен жабдықталады.

13. Тестілеу бөлмедегі әрбір отыратын орын екі жеке камерамен жарақтандырылуы тиіс. Бірінші камера Ахуалдық орталықта тестілеу процесін жазады және таратады, сонымен қатар прокторинг жүйесі үшін қолданылады. Екінші камера тестілеу алдында, тестілеу кезінде, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін адамның биометриясын қолдана отырып сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

### Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына тағайындауға сертификаттауға қатысатын үміткердің тізімі

№	ТАӘ (бар болса) (толық)*	ЖСН*	Сертификаттаудан өту тілі
---	--------------------------	------	---------------------------

\* Ескертпе: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылады.

Басып шығару орны

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
8-қосымша

### Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына тағайындауға сертификаттаудан өткені туралы

Сертификат \_\_\_\_\_ куәландырады

Т.А.Ә. (бар болса)

қалада сертификаттауға қатысты \_\_\_\_\_ мемлекеттік ұйымның басшысы лауазымына

сертификаттауды өткізу күні " \_\_\_\_\_ "

күні, айы, жылы

және келесі нәтижені көрсетті:

Мазмұны	Тапсырмаларының саны	Шекті балл саны 50%	Алынған балл саны
1. "Заңнаманы білу"		5 балл 5 балл	

1). Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;  
2). "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;  
3). "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;  
4). "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы  
5). "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген);  
6). "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы ересектер (

5 балл

5 балл

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген)		2 балл 2 балл	
Барлығы	48	24 балл	

Ұйымның басшысы (өкілі) : \_\_\_\_\_

(Т. А. Ә. (бар болса), қолы)

Басып шығару орны

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
9-қосымша

### **Мемлекеттік білім беру ұйымы басшысының бос лауазымына үміткермен әңгімелесу үшін тақырыптық бағыттар**

1. Білім беру саласындағы уәкілетті органның негізгі нормативтік құқықтық құжаттары, Қазақстан Республикасының Білім беру саласын реттейтін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық құжаттары.

2. Білім берудегі менеджменттің заманауи тәсілдері.

3. Білім беру саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары.

4. Білім беру ұйымын басқарудағы инновациялар.

5. Табысты білім беру ұйымының критерийлері, табысты басшы, табысты білім алушы/тәрбиеленуші, табысты педагог.

6. Қазақстанның білім беруіндегі халықаралық зерттеулердің рөлі.

7. Білім беру ұйымдарында ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жүйесі.

8. Деңгейлер бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ерекшеліктері.

9. Әкімшіліктің қамқоршылық кеңеспен өзара іс-қимыл жүйесі.

10. Кадрларды даярлаудағы әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықтың рөлі.

11. Білім беру ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету міндеттері.

12. Білім беру ұйымының қаржылық өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігі мен нәтижелері.

13. Экономика салалары үшін кадрлар даярлаудың жаңа тәсілдері.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшысының лауазымына үміткердің бағалау парағы \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (егер қолжетімді болса))

№	Өлшемшарттар	Балл саны (1-ден 10-ға дейін)
1.	Қазақстан Республикасының заңнамасын білу (сертификаттау нәтижелері бойынша)	24-тен 33-ке дейін = 8 балл 33-тен 44-ке дейін = 9 балл 45-тен 48-ге дейін = 10 балл
2.	Үміткердің жеке және кәсіби қасиеттері	1-ден 10 балға дейін
3.	Білім беру ұйымының табысты дамуының практикалық көрінісі	1-ден 10 балға дейін
4.	Мәселені шешуде мобильді және икемді болу мүмкіндігі	1-ден 10 балға дейін
5.	Белсенді, позитивтік педагогикалық ортаны құра білу	1-ден 10 балға дейін
6.	Білім беру ұйымын басқаруда шығармашылық потенциалды пайдалану	1-ден 10 балға дейін
7.	Педагогикалық этика және сөйлеу мәдениеті	1-ден 10 балға дейін
Барлығы:		

Ескерту:

Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына үміткерге қойылатын критерийлерді комиссия мүшелері 10 балдық жүйе бойынша бағалайды.

Екіншіден жетіншіге дейінгі сұрақтарды конкурс комиссиясының мүшелері бағалайды. Жиынтық баллды шығару кезінде комиссия мүшелері берген балдың жалпы санының орташа арифметикалық балы ескеріледі.

25-34 – жеткіліксіз деңгейі;

35-70 – жеткілікті деңгейі.

Жеткіліксіз деңгей көрсеткен үміткерді комиссия білім беру ұйымының басшысын тағайындауға ұсынбайды.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
11-қосымша

Үміткердің құзыреттерді бағалауға арналған тестілеуден өтуге және дербес деректерді өңдеуге ерікті келісімі

Мен, \_\_\_\_\_  
(үміткердің ТАӘ (бар болса)), электрондық поштаның мекенжайы  
жеке басын куәландыратын құжаттың № \_\_\_\_\_, " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
\_ 20\_\_ ж. берілген \_\_\_\_\_ (куәлік берген орган), ЖСН \_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мекенжай бойынша тұратын, өзімнің басқарушылық  
құзыреттерімді, жеке психологиялық бейінімді анықтауға бағытталған  
әлеуметтік-психологиялық тестілеуден өтуге келісімімді беремін, сондай-ақ менің  
дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, атап айтқанда қазіргі уақытта да, келешекте  
де Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпаратты  
пайдаланушымен байланысты үшінші тұлғаларға менің дербес деректерімнің қандай да  
бір құқықтық қатынастарымен алуға, сақтауға, пайдалануға және таратуға келісімімді  
беремін. Осы Келісім ақпаратты пайдаланушымен Қазақстан Республикасының  
заңнамасымен жүктелген құқықтар мен міндеттерді ақпаратты пайдаланушының  
тиісінше орындауы үшін қажетті барлық қатынастарға қолданылады және кадр  
резервін қалыптастыру кезеңінде де, осы кезең тоқтатылғаннан кейін де қолданылады.

Тестілеуді бастамас бұрын менімен толық нұсқаулық өткізілді, осымен мен  
үміткерлерді кадр резервіне іріктеу шарттарын қабылдайтынымды растаймын. Осы  
Келісімнің мәтінін оқыдым, ол бойынша толықтырулар, ескертулер мен қарсылықтар  
жоқ.

Қолы: \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
Қағидаларына  
12-қосымша  
Нысан

### **Білім беру жүйесінде басшы лауазымдарға кадрлық резерв қалыптастыру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасы**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

Комиссия мүшелері:

1. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

2. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

3. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

4. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса), лауазым)

Үміткермен әңгімелесу барысында аудио-және бейнежазба жүргізілді.

1) Үміткердің Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

2) Біліктілік санаты \_\_\_\_\_

3) Жұмыс өтілі, оның ішінде педагогикалық \_\_\_\_\_

4) Жұмыс орны, лауазым \_\_\_\_\_

5) Байланыс телефоны \_\_\_\_\_

Үміткерге мынадай сұрақтар қойылды:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

1. Әңгімелесу нәтижесі бойынша комиссия келесі үміткерлерді ұсынуға шешім қабылдады:

р/с №	Т.А.Ә. (бар болса)	Лауазым
-------	--------------------	---------

2. Әңгімелесу нәтижесі бойынша комиссия келесі үміткерлерді ұсынбауға шешім қабылдады:

р/с №	Т.А.Ә. (бар болса)	Лауазым
-------	--------------------	---------

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
Қағидаларына  
13-қосымша  
Нысан  
Білім беру жүйесінде басшы  
лауазымдарға кадр резервін  
қалыптастыру қағидалары  
шеңберінде үміткерлерді іріктеу

нәтижелерін қайта қарау  
жөніндегі Қазақстан  
Республикасы Оқу-ағарту  
министрлігінің апелляциялық  
комиссиясының төрағасына

Т.А.Ә. (бар болса)

## ӨТІНІШ

Іріктеу өтетін орын \_\_\_\_\_ қ.

Электрондық поштаның мекенжайы (толық, мысалы, trainer@mail.ru), байланыс телефоны

Конкурстық іріктеу нәтижелерін қайта қарауды сұраймын, себебі

---

---

---

(себеп-салдарды қысқаша баяндау, дәлел келтіру)

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
Қағидаларына  
14-қосымша  
Нысан

**Білім беру жүйесінде басшы лауазымдарға кадр резервін қалыптастыру шеңберінде  
үміткерлерді іріктеу нәтижелерін қайта қарау жөніндегі апелляциялық комиссия  
отырысының хаттамасы**

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Апелляциялық комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)

Апелляциялық комиссияның мүшелері:

1. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)

2. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)

3. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)

4. \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса)

Апелляциялық комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса))

Күн тәртібі:

1. Апелляцияға жіберілген өтініште жазылған фактілерді қарау

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болса))

2. Педагогтің конкурстық іріктеу материалдарын қарау.

3. Шешім қабылдау.

Апелляциялық комиссияның жұмысы барысында мынадай іс-әрекеттер жүзеге асырылды:

1. Іс-әрекеттің сипаттамасы

2. Іс-әрекеттің сипаттамасы

Апелляциялық комиссияның шешімі:

\_\_\_\_\_  
Апелляциялық комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

Апелляциялық комиссияның мүшелері

1. \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

2. \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

3. \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

4. \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

Хатшы: \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымдарға тағайындау,  
лауазымдардан босату  
қағидаларына  
15-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_  
Конкурс жариялаған  
мемлекеттік орган

\_\_\_\_\_  
(үміткердің Т.А.Ә. (бар болса)), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұрғылықты жері, тіркелген мекен-жайы, байланыс телефоны

### Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымдық конкурса қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын (қажетінің астын сызыңыз)

білім беру ұйымының атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала\ауыл)  
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

білім беру ұйымының атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала\ауыл)

Өзім туралы келесіні хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейін

Оқу орнының атауы	Оқыту кезеңі	Диплом бойынша мамандық
-------------------	--------------	-------------------------

Біліктілік санатының болуы (беру (растау) күні):

Педагогикалық жұмыс өтілі: \_\_\_\_\_

Келесі жұмыс нәтижелері бар: \_\_\_\_\_

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
Қағидаларына  
16-қосымша  
Нысан

### Бос немесе уақытша бос педагог лауазымына үміткердің бағалау парағы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға	Техникалық және кәсіби = 1 балл Жоғары күндізгі = 2 балл

		қосымшаның көшірмелері	Жоғары күндізгі үздік= 3 балл Магистр = 5 балл
2.	Ғылыми/академиялық дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	PhD-доктор = 10 балл Ғылыми доктор = 10 балл Ғылыми кандидат = 10 балл
3.	Жұмыс өтілі жоқ үміткерлер үшін сертификаттау	Сертификат	"Педагог" біліктілік санаты - 5 балл
4.	Біліктілік санаты	Жеке куәлік, басқа құжат	Екінші санат = 1 балл Бірінші санат = 2 балл Жоғары санат = 3 балл Педагог-модератор = 3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог-зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/еңбек қызметін растайтын басқа да құжат	Әдіскер (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 1 балл Директордың орынбасары (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 3 балл директор (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 5 балл
6.	Алғаш рет жұмысқа тұрған педагогтер үшін	Білімі туралы дипломның қосымшасы	Педагогикалық/ кәсіби тәжірибенің нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл
7.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) немесе оқу орнынан ұсыныс хат	Ұсыныс хат (Конкурсты өз бетінше жариялаған білім беру ұйымы соңғы жұмыс/оқу орны бойынша ұйымға/оқу мекемесіне өтініш жасайды)	Оң ұсыныс хатының болуы = 3 балл Теріс ұсыныс хатының болуы = минус 3 балл
8.		- дипломдар, білім алушылардың олимпиадалар және конкурстар, ғылыми жобалар бойынша жеңімпаздардың грамоталары;	олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары = 0,5 балл ғылыми жобалардың = 1 балл олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары - 3 балл

	Кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	- дипломдар, мұғалімнің олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздарының грамоталары; - мемлекеттік награда	"Үздік педагог" конкурсына қатысушы = 1 балл "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы = 5 балл "Қазақстан еңбек сіңірген ұстазы" медаль иегері = 10 балл
9.	Әдістемелік қызметі	-авторлық шығармалары, басылымдары	ҚР ОАМ тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 5 балл РОӘК тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 2 балл БССҚЕК, Scopus тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы - 3 балл
10.	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат	тәлімгер = 0,5 балл ӘБ басшылығы = 2 балл Екі тілде сабақ беру, орыс/қазақ = 2 балл шетел/орыс немесе шетел/қазақ = 3 балл, үш тілде сабақ беру (қазақ, орыс, шетел) = 5 балл
		- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық, КАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELTA сертификаттары; Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" бағдарламалары бойынша оқыту, "Microsoft" Курсера жұмыстарына оқыту Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA	

11.	Курсқа дайындық	<p>(Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)"</p> <p>CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary)</p> <p>DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages)</p> <p>CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary)</p> <p>""TKT Teaching Knowledge Test"</p> <p>Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction)</p> <p>Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL)</p> <p>"TESOL"</p> <p>Certificate in teaching English for young learners</p> <p>International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC)</p> <p>ИHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers</p> <p>Becoming a Better Teacher : Exploring Professional Development</p> <p>Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching</p> <p>Online Teaching for Educators: Development and Delivery</p> <p>Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers</p> <p>Курсы на платформе Coursera, Futute learn</p> <p>Teaching Mathematics with Technology</p> <p>Special Educational Needs</p> <p>"Developing expertise in teaching chemistry "</p>	<p>ПШО, НЗМ, "Өрлеу" курстары = 0,5 балл</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес тізбеге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30068 болып тіркелген) = 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)</p>
-----	-----------------	---	--

12.	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының түлегі, "Дипломмен ауылға!", "Серпін" мемлекеттік бағдарламаларының қатысушысы, Жұмыспен қамту орталығы жастар тәжірибесі бойынша жіберілген педагог	Мемлекеттік білім беру гранты иегерінің сертификаты, келісім-шарты	3 балл қосылады
Барлығы:			

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату Қағидаларына 17-қосымша Нысан

### **Көрсетілетін қызметті алушының шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі**

Мен, \_\_\_\_\_ сәйкес мемлекеттік қызмет (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

көрсету үшін қажетті мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагог қызметкерлерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес қол жеткізу шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімді беремін. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы, оған мыналар кіреді:

- 1) жеке деректерді үшінші тұлғаға беру;
- 2) дербес деректерді өңдеу барысында трансшекаралық беру;
- 3) жеке деректерді жалпыға қолжетімді көздерге тарату.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін қажетті басқа да ақпаратты қамтитын қолжетімділігі шектеулі жеке деректерге қол жеткізуге келісемін.

Бұл келісім мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алғанға дейінгі бүкіл кезең ішінде жарамды.

\_\_\_\_\_  
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК